



XXI ғасыр Көшбасшысы

Жандос, Үмітжан ,Гулназ, Гүлзабира

Айналымдар

1-айналым

БӘЙГЕ

2-айналым

ДОДА

3-айналым

ЖОРҒА

4-айналым

ОЙЛАН

1-айным

1

2

3

4

5

6

7

8

9

10

11

12

13

14


15

16

17

18

БЭЙГЕ



1. Көпшік қыстырар дегеніміз ...

Күйеуді алып келу үшін барған жеңгей күйеудің атына мініп, ат көрпенің астынан көпшік қыстырарын алады. Бұл кем айтқанда көйлектік пұлдан аз болмауы тиіс.

1.



2. Киім ілу дегеніміз ...

Құда-құдағилар келісімен алдын ала дайындалған адам (көбінесе әйел) олардың киімдерін іліп, кетерде киіндіреді. Осыған байланысты киім иелері – зат не ақша береді.

2.



3. Шашу дегеніміз...

Күйеу бала келісімен, ауылдағы ең сыйлы бәйбіше табаққа құрт, ірімшік, табылса тәтті қосып шашу шашады. Жұрт мұны жапа-тармағай таласа, теріп алып жейді. Бұл қуаныштың жалпыға ортақ екендігінің белгісі.

3.



4. Сыңсу дегеніміз...

«Халқымызда тұрмыс салт жырларының ең көп тарағандарының бірі сыңсу». Ұзатылған қыз өз босағасынан аттанғар алдында ағайын туғандарын аралайды. Былайша айтқанда қоштасады (Бірақ бұл дәстүрлі қоштасу емес). Жеңгесін ертіп ағайындарын аралап жүрген қыз жәй жүрмейді. Ол өзінің балалық дәуренінің, оң жақта бұлғақтап өскен бақытты күндерінің өткендігін, аяулы ата анасының, туысқандарының өзін мәпелеп өсірудегі еңбегін өлеңмен айта жүріп өксиді. Ондай өлең жырды сыңсу дейді.

4.



5. Табалдырық кәдесі дегеніміз ...

Құда-құдағилар құданың үйіне кірерде бір әйел олардың жолын бөгеп, қашан кәдесін алғанша көлденең тұрып алады. Мұны табалдырық аттар деп атайды, яғни қазақтың «Табалдырықтан биік тау жоқ» дегені осындайдан қалыптасса керек.

5.



6. Үй көрсету дегеніміз ...

Жаңа түскен келінді туыс-туған, көрші-көлем, ілік-жекжаттар «үй көрсетуге» (шығыс жақ «отқа шақыру» дейді) яғни есік ашарға шақырады. Мұның мағынасы келін отбасымен танысып, үйге келіп жүрсін деген сөз. Бұл үйге келін құр қол бармайды, кәде жорасымен барады.

6.



7. Қыз көші дегеніміз ...

Құда аттандырар кәдесі жасалғаннан кейін ұзатылған қыз шешесі, жеңгесі, жас іні, сіңлілермен бірге көлікке отырып жолға шығады. Қыз артта қалғандарға қарамауы керек. Құдалар алға түседі. Одан кейін шаңырақ түйе (қыз көші) жүреді. Тойшы жігіттер көш соңынан әсем киініп ән-күймен ереді.

7.



8. Тұсау кесу дегеніміз ...

Бала бесіктен белі шығып, еңбектеуден өткен соң аяғын қаз-қаз баса бастайды. Өз аяғымен туған жерінің топырағын басып, із түсіріп, өз көзімен алдына қарап таң-тамаша болады. Бұл баланың ең алғашқы талпынысы, тіршілігі. Мұны ежелден түсінетін қазақ баласының келешегіне ақ жол тілеп, тұсау кесер жасайды.

8.



9. Босағаға ілу дегеніміз ...

Той тараған соң, бір түннен кейін келін өз еліне аттанады. Бұл күні күйеу жұрттың ең соңынан аттанып, қайын жұрт үйінің босағасына бір шапан іліп кетеді. Бұл ілудің мәні – күйеу баланың «осы үйдің босағасынан қол үзбеймін. Мен де осы үйдің баласымын» деген ишараты.

9.



10. Сүт тырнағын алу ...

Баланың тырнағын алғаннан соң, оны адам баспайтын жерге көміп тастайды.

10.



11. Түйемұрындық дегеніміз...

Ұзатылып жатқан келіншек көшінің жолында отырған ауылдың адамдары (жастары, әйелдері) керуен атының ноқтасынан, не түйесінің бұйдасынан ұстап тұрып сұрайтын кәдесі. Қыз анасы оларға кәдесін жасайды, кәде алған риза болып, бақыт тілеп батасын беріп, жол болсын айтады

11.



12. Баланы қырқынан шығару ...

Қырық күн толғаннан соң нәрестенің «сүт тырнағы»мен «қарын шашы»алып, теңгелер салған су құйып, шомылдырады.

12.



13. Тілашар тойы ...

Бүлдіршіннің тілі жеке –жеке сөздерді айтуға икемделе бастаған кезде, шығуы үшін дәстүрлі «тілашар»тойы ырымын жасайды.

13.



14. Тоқым қағар ...

Бала бірінші рет үйінен алысқа жолаушылағанда
өткізіледі.

15.



15. Құда түсу дегеніміз ...

Жігіттің туған – туысқандары құдалыққа қыз ауылына барады. Мал сойылып, оның бауыздау қанына құдалар қол батырып, бата бұзбауға серттеседі. Құйрық – бауыр жегізу, құда тарту, ұн жағу т.б. орындалады.

15.



16. Қыз айттыру дегеніміз ...

Жігіт әкесі қыз үйінің төріне қамшысын іліп, «қызыңның қарғы бауына » деп бір жорға байлатады. Бойжеткенге үкілі тақия, сырға, сақиналар сыйланады.

16.



17. Сабан той ...

Күз айында диқандар мен бағбандардың құрметіне арналған той. Бұл тойда түрлі жарыстар мен ойындар сауықтар өткізіледі.

17.



18. Ат тұлдау дегеніміз...

Ер адам қайтыс болғанында мініп жүрген атының жал-құйрығын күзеп, оны бос жібереді де, өлген адамның жылында сол атты әкеліп сояды

18.



2-айналым

1

2

3

4

5


6

ДОДА



Ине жасырмақ


Жастардың бас қосуында, көбіне үйде ойналатын ойын. Қажетті бұйымдар: ине және домбыра. Ойын шарты: ойыншылар ең алдымен, бастаушыны сайлайды. Ол, біріншіден, тәртіпті бақылайды, екінші, домбырада, немесе басқа музыкалық аспапты ойнайтын кісіні табады; үшіншіден, ойын ережесін түсіндіріп, екі ойыншыны таңдайды. Ойыншының біреуі бөлмеден шығып кетеді де, үйде қалған екіншісі инені өз бойындағы киіміне жасырады, немесе басқа біреуге береді. Бастаушының белгісі бойынша үйге қайта оралған іздеуші инені ойынға қатысушылардың жағасынан, бас киімдерінен іздей бастайды. Іздеуді жеңілдету үшін музыкант домбырада ойнап отырады.





Ежелгі заманнан қалыптасқан жыл
бастау мейрамы?


Наурыз мейрамы



Бастаңғы


Ауылдағы үлкен кісілер бір жаққа қонаққа немесе басқа себептермен қотарыла кеткен жағдайда қыз-келіншектер бас қосып, бір үйге жиналады. Қазақ салтында ерулік, ас беру, сүндет тойы секілді кәделер аса кәдірлі іс. Сондай кәденің біріне шақырған кісінің ниетін сыйлап, шақырылған ауылдың үлкен кісілері түгел баруға тырысады. Қыз балалар ондайда оңаша қалады. Тағы бір шарты – өлең айтылмайды, шу болмайды. Алайда басқа ойын ойнап, көңілдерін көтереді. Үлкен кісілер байқаусыз келіп қалып, көздеріне түспеу үшін құрт-май, тәтті беріп, үй маңында сенімді, тілалғыш балаларды қарауыл қаратып қояды. Өйткені бұл қылықтарын үлкен кісілердің біліп қоюын әбестік деп ұғады. ... – қазақ қыздарының ежелден келе жатқан дәстүрлі ойыны.





Наурыз сөзі парсы тілінде қандай
мағына береді?

Жаңа күн немесе жаңа жыл






ΟΛЖА





Қазіргі күнтізбе бойынша күн мен түннің теңесу кезі келеді?


22 наурыз



Алтын қабақ (жамбы ату)

Шауып келе жатқан атың үстінен нысананы дәл көздеп , атып түсіру. Бұл ойының нұсқалары басқа халықтарда да кездеседі. Шығу тегі әскери ойынның пайда болуымен байланысты болған, оның қажеттігі 18 ғасырға дейін сақталған.


Мұндай жарыс өткізілетін мерекелерде биік бағана, болмаса ұзын сырық қадалып, оның ұшар басына нысана ретінде жамбы (күміс құймасы) ілінетін болған. Оны қылмен немесе жібек жіппен байлаған. Атпен шауып келе жатқан кісі садақпен жамбыны атып түсіріп, жеңіске жетуге тырысқан. Нысананы дәлдеудің басқа да түрлері кездескен. Мысалы, жерде тұрып, немесе ат үстінде отырып, мылтықпен атуда қолданылған. Жамбы ату жігіттерді шабандоздыққа, мергендікке үйрету де елеулі роль атқарған.






БҰҰ-ның 64-қарарына сәйкес 21
наурыз қалай аталып келеді?


Халықаралық наурыз күні





Қазақстан туризм күнін қай жылдан бері тойлап келеді. Сол жылы еліміз Халықаралық Туризм Агенттігінің құрамына кірген болатын.

1993






Наурыз көже құрамына неше түрлі зат
қосылады. Оларды ата:

7 түрлі. Олар: сүр ет, сөк, тары, күріш,
сүт, мейіз, кеспе

Ақсүйек


Кешке мал келіп, қораланып болғаннан кейін, күзет түрінде ауыл шетінде ойын басталады. Ойынға ерте кезде ірі қараның қу жілігі пайдаланылған. Күн көзінде ұзақ жатқан жіліктің қурап, ақсөңке болып қалатыны белгілі. Ол кезкелген жерден ұшырайды. Соған орай ойын - ... атанған. Ойынға келгендер екі топқа бөлінеді.





Наурызды көктем мерекесі ретінде Балқан түбегінде, Кавказда, Орта Азия мен Таяу шығыста тойланып келеді. Оған қанша жыл болды:

3 мың жылдан бері



3-айналым

Х-Д мейрамдар

10

20

30

40

50

Ұлттық
тағамдар

10

20

30

40

50

ЖОРҒА

Ұлттық ойындар


10

20

30

40

50




Халықаралық мейрамдар

10


Халықаралық студенттер күні

17 қараша




Дүниежүзілік денсаулық күні:

7-сәуір




Дүниежүзілік жер күні

21-наурыз




Халықаралық құстар күні:

1-сәуір




Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күні

18-сәуір




Классикалық пицца өте жұқа қамырдан әзірленеді. Оның ішіне қызанақ, моцарелла және түрлі ет тағамын қосуға болады.

Италия




Ішінде ірімшігі немесе жұмыртқасы болатын бұл хачапури шелпегін бәріңіз білетін шығарсыздар.

Грузия




Кацудон – жұмыртқа қосылған жаншылған шошқа еті. Оның үстіне күріш салады.

Жапония




Бұл әйгілі ірімшікті Паг аралында саулық сүтінен дайындайды.

Хорватия



Путин калорияға өте бай тағам. Оның құрамында фри картоптары, ірімшік және арнайы әзірленген соус бар.

Канада




Ақсақ тауық. Ойыншылар 3 адамнан топқа бөлініп, мәре сызығының бойында тұрады. Әрбір үштіктегі шетінде тұрғандар бір – бірінің қолдарынан ұстайды, ортасында тұрғандар қолдары біріккен жерге сол аяқтарын қояды, ал қолдарын иықтарына қояды.

Түркіменстан



Аисттар ойыны. Ойынға 6-8 адам қатысады. Олар аист бейнесін бейнелейді. Барлық аисттар үлкен бір шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші хабарлаған сан бойынша аисттар өздерінің ұяшықтарын салады. Ұяшықсыз қалған аист ойыннан шығады.

Украина




Екі адамдық үстел ойыны - Кварто

Швейцария




Бұл ойынды негізінен жаз айында орман алқабында немесе саябақта ойнаған дұрыс. Барлық қатысушылар шөпке бетімен жатады да көзін жұмады. Жүргізуші битаны шөптің ортасына табу қиын болу үшін мейлінше алысқа лақтырады.

Латвия



Қатысушылар шеңбер құрады. Диаметрі 10 метрден аспауы қажет. Шеңбер ортасына жүргізуші шығады. Ойыншылар бір-біріне кішкентай допты лақтырады. Жүргізуші оны қағып алуға тырысады. Кез-келген сәтте ойыншылар допты жүргізушіге лақтыра алады. Егер жүргізуші қағып алып үлгермесе шеңбер ортасында қала береді.

Венгрия



4-айналым


Соңғы 3 ойыншыға арналады

1

2

3

ОЙЛАН
ТАП



Ойлан


Армиян халқытарының ұлттық ойыны – Берд қандай мағына береді?

Қамал

Жер

Үңгір

Қамал



Ойлан


Сақ дәуірінен келе жатқан ұлттық ойын.

Қыз қуу

Алтыбақан

Көкпар

Қыз қуу



Қай мемлекеттің ұлттық киімі?


Ойлан

Эстония

Латвия

Литва

ЛИТВА





СОҢЫ